1992 жылдың шілдесінде факультет базасында екі жылдық музыкалық студия ашылды.

Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға көшуіне байланысты оқу



# БІЛІМНІҢБИК ШАҢЫРАҒЫ

үрдісіне оның заңдылықтарын оқытатын жаңа пән енгізу қажеттілігі туды. 1991 жылдың қыркүйегінде осы ағымға сәйкес саяси экономия кафедрасы экономика теориясының негіздері деп аталды. Кафедра меңгерушісі э.ғ.к., доцент Е.К.Беккалиев. Келесі 1992 жылы экономика факультеті құрылды. Факультеттің ұйымдастырылуына доценттер Б.А.Жунусов, Б.И.Комяғиң, У.Е.Мәмбетов, Р.С.Тусупбекова және т.б. біраз еңбек сіңірді. Факультетте экономика негіздері және менеджмент; жоғары математика және экономика кафедралары жұмыс жасады.

Тарих факультеті 1985 жылы филология факультетінің бөлімі ретінде ашылып, 1989 жылы дербес факультет болып бөлініп шықты. Факультетте т.ғ.к., доцент С.М.Мадуанов (кейін ғылым докторы болды), Ленинград университетінің түлектері В.П.Беликов, Т.В.Беликова, ҚазМУ түлектері А.В.Юғай, Б.Х.Даулетиярова, Г.С.Султанғалиева, Орал пединститутын бітірген С.Ю.Гуцаловтар жұмыс істеді. Факультетті дамытуға және Ақтебе қаласындағы ғылыми мектепті нығайту үшін тарих ғылымдарының докторы, профессор С.С.Ивашкин шақырылды. Аз ғана уақыт ішінде ғылыми тәжірибе алмасу үшін және аспирантураға біраз оқытушылар жіберіле бастады. Факультеттің есуіне, қалыптасуына т.ғ.к., профессор З.Б.Байдосов, тарих ғылымдарының докторлары - Г.С.Султанғалиева, Н.К.Мухлисов, Ұ.Ш.Исмағұлов, тарих ғылымдарының кандидаттары А.Л.Перевезенцов, К.Ж.Жұбатқанов т.б. езулерін қосты.

1989 жылы 22 қыркүйекте тіл туралы заң қабылданғаннан кейін қазақ тілін кеңінен дамыту бағытында жұмыстар жүргізіле бастады. Осыған орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін кептеп даярлау қажеттілігі туды. Ол үшін институтта қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын ашу керек болды. Алдын ала даярлық жұмыстарын жүргізе келіп, 1989 жылы шет тілдері факультетінің жанынан бөлім ашылды.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып п.ғ.к. Ж.Н.Нұржанова бекітілді. Кафедраның алғашқы оқытушылары А.Пангереев (кейін ф.ғ.д. болды), Н.Алдашев, С.Бермағамбетов – кейін екеуі де ғылым кандидаттары болды, Ж.Тектіұлова (кейін ф.ғ.д. болды). Бір жылдан соң кафедра екіге бөлінді: қазақ тілі (меңгерушісі п.ғ.к. Ж.Н.Нұржанова), қазақ әдебиеті (меңгерушісі ф.ғ.д. Ә.Молдаханов).

Құдайберген Жұбановтың шығармашылығын, ғылыми мұраларын зерттеу мақсатында 1991 жылы «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу лабораториясы құрылды. Лабораторияның алғашқы меңгерушісі болып ғалымның баласы, филология ғылымдарының докторы Есет Құдайбергенұлы Жұбанов тағайындалды. Лаборатория жанында тілге байланысты семинарлар, «Жұбанов тағылымы» тақырыбында республикалық ғылыми-теориялық конференциялар 2-3 жылда бір реттен өткізіліп тұрды.

## ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ Өрлеу жылдары

1995 жылдың қараша айында институт ректоры болып физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Кенжеғали Кенжебайұлы Кенжебаев тағайындалды.

1996 жылы мамырдың 7-сіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің №570 қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе педагогикалық институты Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе университеті болып қайта құрылды.

1996 жылы Ақтебе облысының өкімшілігінің ұсынысымен аймақтық қажеттілікті ескере отырып, инженерлік мамандықтарға студенттер қабылдана бастады. Олар: металлургия, органикалық

заттардың химиялық технологиясы, бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, жер асты қазба байлықтарын іздеу-еңдеу, автомобильдер және автомобиль шаруашылығы. Осыған байланысты инженер техникалық факультет ашылды. Факультеттің ұйымдастырылу жұмысының барысында Е.Б.Байманов, Д.Д.Избембетов, К.Т.Алдияров, Т.К.Мусалимов және т.б. кеп еңбек етті. Факультеттің материалдық-техникалық базасы нығайтылды және қазақ тілі білімінің негізін салушы Қ.Жұбановтың есімін мәңгілік қалдыру мақсатында оның ескерткіші қойылып, 1998 жылдың 17 қарашасында салтанатты түрде ашылды.

Ескерткіштің ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Н.Назарбаев қатысты.

Университеттің материалдық базасын, кадрлар даярлаудағы еңбегі және Қ.Жұбанов есімін мәңгілікке қалдыру мақсатында атқарған жұмыстары ескеріліп К.К.Кенжебаевқа 1998 жылдың «Жыл адамы» деген атақ берілді.

2001 жылдың 31 қаңтарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №163 қаулысымен



университетке Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе мемлекеттік университеті статусы берілді.

Университеттің алғашқы күнінен бастап білім беру саясатында нарық жағдайына орай білікті, қабілетті мамандар дайындау міндеті тұрды. Алға қойылған мақсатқа жету үшін 2004 жылы темнедегідей материалдық-техникалық базасы болды: 6 оқу ғимараты, 12 оқу залы бар ғылыми кітапхана және EBSCO жүйесіне қосылған электронды кітапхана, қазіргі заманғы спорт жабдықтарымен жабдықталған спорт көшені, кең келемде жабдықталған студенттер емханасы, 2 жатақхана, агробиологиялық станция, 850 орындық Студенттер Сарайы, редакциялық – баспа бөлімі, 30 компьютерлік класстардан тұратын компьютер парк, интернет класс, оқу және радио студиясы, жүзу бассейні. Университет басшылығы оқытушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруіне кеп кеңіл белді. 1998 – 2003 жылдары аралығында 80 диссертация қорғалып, 17 монография жарияланды. 50 оқулық пен әдістемелік кемеңші құралдар шығарылып, 1000 ғылыми мақалалар мен 12 жинақ басылды. Ғылыми жаңалықтары және енертапқыштығы үшін 20 патент, куәліктер алынды.

Ғылыми жұмыстар негізінен әлеуметтік – техникалық, әлеуметтік – гуманитарлық салаларды қамтыды. Ғылыми ізденістер ҚР Білім және ғылым Министрлігі реттеп отыратын халықаралық жобалар мен бағдарламалар негізінде математика, физика, химия, биология, металлургия, химиялық технология, экология, философия, әлеуметтану, тіл білімі және әдебиеттану, тарих, география, жалпы педагогика салаларының оқыту теориясы мен әдістемесі сияқты салаларды түгел қамтыды.

Университет «Сорос-Қазақстан» қорымен ЮСИС – ТАСИС, ДААД, ағылшын елшілігі, француз елшілігі, т.б. орындармен тығыз қарым-қатынас жасады. Сонымен қатар университет ТМД елдерінің ғылыми орталықтарымен де тығыз байланыс жасады.



Ресейдің М.В.Ломоносов атындағы мемлекеттік университетімен, Т.Г.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетімен, Украинаның Ұлттық Ғылым Академиясының математика институтымен, Беларусь ҰҒА-ның оптика институтымен және т.б. байланыстар орнатты.

Дүние жүзіне, Кеңестер Одағына аты мәлім ғалымдар: академиктер С.М.Никольский (Ресей), А.М.Самойленко (Украина), Н.Қ.Блиев, Ә.М.Сұлтанғазин, Қ.А.Қасымов, М.Ә.Өтелбаев, Н.Т.Данаев (Қазақстан), Б.Боярский, корреспондент-мүше, профессорлар О.В.Бесов (Ресей),

ректоры ҚР ҰҒА академия физика-математика ғылымдарының докторы, профессор К.К.Кенжебаев жүрді.

2004 жылы ақпанның 3-індегі 128 Үкімет қаулысымен Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтебе мемлекеттік университетінен Ақтебе мемлекеттік педагогикалық институты бөлініп шығып, оны 2004 жылдың наурызынан 2012 жылдың 24 шілдесіне дейін Ғалымжан Жұмабайұлы Нұрышев, кейін Амантай Әбілхайырұлы Нұрмағанбетовтер басқарды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы мамырдың 29-ындағы 529 қаулысымен педагогика институты Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе мемлекеттік университетіне қайта біріктіріліп, университетке қосымша «Өңірлік» деген статус жалғанды.

Қазір Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті жоғары білім берудің 8 бағытының 55, магистратураның 16 мамандықтары бойынша кадрлар даярлауда.

Университеттің құрамындағы екі институтпен (2014 жылы құрылған экономика және құқық; педагогика) 6 факультетте 10 мыңға жуық студенттер күндізгі және сырттай бөлімдерінде білім алуда.

Университетте 36 ғылым докторлары мен профессорлар, 8 Phd докторлары, 280 ғылым кандидаттары мен доценттер жұмыс істейді. Тек соңғы 5 жылдың ішінде ғана университеттің 16 оқытушысы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушы» атты мемлекеттік грант иегерлері атағын алды.

50 жылдық тарихы бар Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің 1966 жылдан 2016 жылға дейінгі қалыптасу, етпелі, ерлеу кезеңдеріне тоқталып өттік. Әрине, 50 жыл аз уақыт емес. Үнемі білім мен біліктілікті жетілдіріп, ғылымның қиясына, заманымыздың қарышты қарқынмен сан-алуан өзгермелі ағыны, ерлеу жағынан алып қарағанда кеп те емес.

Осы жылдар ішінде біздің оқу орнымыз мыңдаған жоғары білікті мамандар даярлап шығарды. Олар Республиканың, облыстың экономикасы мен индустриясының және басқа да әлеуметтік салаларында жемісті қызмет атқарып келеді.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінде өліде талай ұлағатты тұлғалар, ғалымдар жұмыс жасайтынына және езі де талай жастарды қанаттандырып, болашаққа ұшыратынына сенімдіміз!

**Қожабек НИЯЗМАҒАМБЕТОВ,**  
доцент





# ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ІРГЕЛІ ОРДА



1967 жылы университетті бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасы Оқу Министрлігінің жолдамасымен ашылғанына бір жыл болған Ақтебе педагогика институтына жұмысқа келдім. Осылайша, 1967 жылдың тамыз айының 15-ші жұлдызынан бастап, кешегі студент үшін жаңа емір басталды. Осы уақыт аралығында Ақтебе педагогика институты Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе еңірлік мемлекеттік университетіне айналды. Халықаралық стандарттарға сай бакалавр, магистрант, PhD түсініктері пайда болды. Университетке, оның ішінде езім кебірек қызметтер жасаған физика-математика және экономика факультеттеріне жас ғалымдардың бірнеше буыны келді. Қысқасы, халқымыздың «Елу жылда – ел жаңа» дейтін аталы сөзі орнын тауып тұр.

Университет әкімшілігі Ақтебе университетінің 50 жылдық мерейтойын атап етеміз дегенде, оған үлкен түсініктілікпен қарадық. Осы уақыт аралығында талай биік белестерден астық. Ал университет болашағы неге байланысты десек, ол келер ұрпаққа байланысты. Біздің тілегіміз жалынды жас шағымыздан бастап, бар ғұмырымызды арнаған университет ісінің гасырлар дүрмегінен қалмай алға баса бергені. Бәлкім сол кездерде келер ұрпақ:

- Университеттің бастауында кімдер тұрған –деген сұраққа жауап іздер.

Маған бұрынғымен салыстырғанда тарих деңгелегі тезірек айналатын сияқты көрінеді. Кептеген жаңалықтарды саралап үлгерсе де алмайсың. Алғашқы емір жолын бастағандардан санаулы адамдар ғана қалыпты. Олар профессорлар

Ж.Ә. Сартабанов, Ә.М. Молдаханов, А.А.Айтиев, И.Ф.Спивак-Лавров, И.И.Илиясов, доценттер С.А.Мырзабеков, С.И.Отарбаев, К.Н.Ниязмагамбетов, Б.И.Избасаровтар. Арада өткен 49 жыл ішінде дос болып қалыптасып, қазір 70 жастан асып, басымызды ақ қырау шалған кезде де қатар жүргенімізге қуанамын. Осы уақытқа дейін олармен бір-бірлерімізге, құрған жаңуларымызға деген тілектестігіміз үзілген жоқ.

Маман ретінде де, азамат ретінде де қалыптасуым осы университетте етті. Бауырлас Украина жерінде кандидаттық, Алматыда докторлық диссертацияларымды қорғадым. Олардың тақырыптары, менің өмір бойы ғылыми зерттеулеріме арқау болды. Сол арқылы биіктерге кетерілдім. Профессор К.К.Кенжебаевпен бірге доцент М.Ж.Талипова және Р.У.Жахиналардың жұмыстарына жетекшілік жасадым. Олардың екеуі де қазір факультеттің жаңа буындары арасында табысты еңбек етуде. Эр жылдарда Физика-математика және Экономика факультеттерінің деканы, кафедра меңгерушілігі қызметтерін атқардым.

Осында қызмет жасаған 49 жыл ішінде үш ректордың қарамағында жұмыс жасап-тын. 50 жылда үш ғана ректордың қызмет атқаруы, біздің оқу орнын сез жоқ жақсы жағынан көрсететін көрсеткіш. Ұжымымыз алдағы уақытта да осындай ауызбіршілікте болғай деген тілек бар. Профессор К.К.Кенжебаев ректор болып тағайындалғалы университет өміріне кептеген жаңалықтар келді, соның бірі Ақтебе университетінде 2000-2005 жылда-

ры жұмыс жасаған К 14.51.03 Диссертациялық кеңесінің жұмысы. Ол жас ғалымдар легінің қатарға қосылуына ерекше серпін берді. Өтіл-зерттеушілік және аспирантура арқылы кадр-лар дайындауға қол жеткізілді.

Қазіргі кезеңде мемлекеттердің әлемдік экономикадағы орны ақпараттық технология-ларды қаншалықты пайдаланатын деңгейімен анықталады. Біздің өліміз де сол үрдістен шет қалып келе жатқан жоқ. Университетімізде және облысымызда сол маңызды істің баста-уында тұрғанымыз мақтан етемін.

Әйтсе де, өмірдің ез заңы бар. 2008-жылы пайғамбар жасына жеттім. Тынымсыз еңбек ету қиындыққа түсе бастады. Оның үстіне езім өмірімді арнаған математикамен айна-лысу біртіндеп шеттеп бара жатқаны байқалды. Әйткені, 1985-жылдан бастап, таза информатикаға кеңіп белдім. Соның жетістіктерін игерсем деп, қуалап кердім. Ал информатика ғылымы гарыштап дамып, ақпараттық технология гасыры атанған ХХІ-шы гасырға маңдай тіреген кезде езімнің оның шабысына ере алмайтынды түсіндім. Оның үстіне экономика факультетінің декандығы қызметін атқаруға келгеннен кейін, экономикаға қарай бет бұруға тура келді. Осыған дейін «Еңбектеп жүрсен де, ертеңіне маған экономика ғылымының да өліп-песіне бойлауға тура келді. Бүкіл әлем ғалымдары бірігіп, игере алмай келе жатқан экономика заңдылықтарын да меңгеру оңай еместігін ерте түсіндім. Абырой болғанда экономикаға математика мен информатиканы қолданғанда ғана оның заңдылықтарын меңгеруге жол ашылады екен. Ол заңдылықтарды оқып

үйренуге, әсіресе, қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік құралдар жетіспейтін болып шықты. Осы ойларды саралай келе, 2009-жылы университет ректоры, профессор К.К.Кенжебаевқа факультеттің декандығы қызметінен босатуға өтініш бердім.

Жасаған жұмыстарымыздың нәтижелері көрінді. 2007 жылдың «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегері болдым. Алғашқы оқу-әдістемелік құралдарым баспадан шықты. 2006 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталдым. Факультет жетістіктерінің барлығы да университет ректоры, профес-сор К.К.Кенжебаевтың, проректорлар С.А.Айпейсова, Х.Х.Құсайынов тікелей қолдауымен жүзеге асты. Олардың барлығына да алғысым шексіз.

Декандық қызметті еткізгеннен кейін езім бастауында тұрған «Информатика және ЕТ» кафедрасына қайта оралдым. Кафедра профессорлығының ерекшеліктері бар. Біріншіден Шерхан Мұртзаның «Ай мен Айша» атты романындағы анасы Айша айтқандай «Жеттім деген жығылады, тол-дым деген тегіледі». Сондықтан кеп нәрсеге қол жеткіздім деп тоқтауға, толдым деп тоқырауға болмайды. Бірқалыпты тыным-сыз еңбек керек. Жылына 15-20 ірілі-кішілі еңбектерім шығып тұрады. Оның ішінде жы-лына бір кітап шығару әдетке айналды. Ара-сында 1-монография, 3-шет ел авторларының үздік еңбектерінің аударма-сы, университет студенттері мен магистрлеріне арналған оқу және оқу-әдістемелік құралдар бар.

Екіншіден халқымыздың «Білем десен – кере бер, керем десен – жүре бер» дейтін аталы сөзі орынды. Жай жұру емес, алыс және жақын шет елдерде, өлімізде өткен конференция, симпозиумдарға еркін қатысуға мүмкіндік туды.

Университет өткен 50 жылдың 49 жылын онымен бірге етіппіз. Осы аралықта өткен жолда қуанышы болса бірге қуандық, жет-кен жетістіктерін езім жетістігіміз деп қабылдадық, онымен бірге естік, жаңа биіктерге кетерілдік. Халқымыз «Кәрісі бардың - ырысы бар» дейді. Университет ырысы, яғни табыстары жеке тұлғалардың табыстарынан құралады. Олай болса, бәріміз де өмірде табысты болайық!

50-жылдық мерейтой бәрімізге құтты бол-сын!

**Жаксылық ТАСМАМБЕТОВ,**  
ф.-м.ғ.д., профессор

## ВОСПОМИНАНИЯ ВЕТЕРАНА

В 1967 году я начала работать преподавателем английского языка на общеинститутской кафедре иностранных языков Актобинского государственного педагогического института, который открылся в 1996 г.

Ректором института был Щетинин Павел Степанович, нашей кафедрой заведовала Дедикова Бетти Владимировна. Кафедра считалась одной из лучших по всем показателям.

В 1982 году ректором института стал Арынов Мухтар Галиевич, который по рекомендации проректоров А.А. Айтиева и В.Т. Третьякова назначил меня заведующей вышеназванной кафедрой, которой я руководила в течение 15 лет. В 1996 году я свой «пост» сдала Нягу Светлане Васильевне, которая руководила ею до 2011 года.

Мухтар Галиевич был великим человеком. Я благодарна судьбе, что мне пришлось работать с ним и с вышеназванными товарищами.

Молодой, энергичный Кенжегали Кенжебаев встал у руля института в ноябре 1995 года. Появились новые учебные корпуса, обсерватория для физмата, новое общежитие для студентов, бассейн, своя поликлиника.

В мае 1996 года Актобинский педагогический институт имени К.Жубанова был реорганизован в Актобинский университет имени К. Жубанова.

И вот, 50-летие АРГУ им. К. Жубанова. Хочется вспомнить первых преподавателей



нашей кафедры. Это: Магхели Людмила Федоровна, Аванесова Татьяна Алексеевна, Третьякова Лариса Ивановна, Луцева Юлия Григорьевна.

И позже у нас работали отличные преподаватели: Утегенова Алия Кабиевна, Нурманова Вера Валентиновна, Самодурова Валентина Ивановна, Уразалин Онласын Сеилович, Урдабаев Балгали Курмангали-

евич, Челомбичкая Таисия Леонидовна, Нягу Светлана Васильевна, Идиева Жамиля Жикеебаевна, Волокитина Валентина Николаевна, Дерменжи Надежда Дмитриевна, Каткова Людмила Михайловна, Толстая Наталья Николаевна, Галюга Валентина Васильевна, Тулебаева Нургуль Нурлановна.

Хочу поздравить всех коллег со славным юбилеем, пожелать здоровья, успехов, но-

вых научных проектов, сил и знаний в обучении и воспитании подрастающего поколения.


Еще раз поздравляю весь коллектив АРГУ им. К. Жубанова с 50-летием!

**Н.Ф. МУХАМЕТХУЗИНА,**  
Отличник просвещения РК,  
Почетный профессор АГПИ



## ЕЛУ ЖЫЛДЫҢ ЕЛЕУЛІ БЕЛЕСТЕРІ

- 1966 ж. 15 сәуірдегі Қазақстан Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің №261 қаулысы бойынша Ақтебе педагогикалық институты құрылды. Институттың алғашқы



ректоры болып бұған дейін Шымкент педагогика институтының орыс тілі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған филология ғылымдарының кандидаты, доцент Павел Степанович Щетинин тағайындалды.

- 1966 жылы институттың екі факультетіне (физика-математика, филология) 350 студент қабылданды. 5 кафедраға біріккен 23 оқытушы жұмыс істеді.

- 1967 жылы институтқа қосымша педагогикалық училищенің ғимараты (аумағы 844 ш.м.), Ақтебежилстрой мекемесінің жатақханасынан 100 орын, медицина институтының жатақханасынан 50 орын берілді.

- 1968 ж. 400 орындық студенттік жатақханасы (қазіргі Маресьев көшесіндеп)

пайдалануға берілді.

- Физика - математика факультетінде (алғашқы деканы П.Я.Шиббаев) – 2 мамандық (математика және физика – қазақ, орыс бөлімдері), филология факультетінде (алғашқы деканы И.Я.Сулковский) алғашында 2 мамандық (орыс тілі мен әдебиеті, ұлт мектептері үшін орыс тілі мен әдебиеті), бір жылдан кейін ағылшын тілі бөлімі ашылды.

- 1983ж. шілденің 1-нен 1995 ж. қыркүйекке дейін институтты филология ғылымдарының кандидаты (герман филологиясы), профессор Мұхтар Ғалиұлы Арынов басқарды.

- 1984 ж. тамызда А.Молдағұлова көшесіндегі оқу корпусының құрылысы аяқталып, оның ашылуына КПСС Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, еліміздің ардақты ұлы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев, сол кездегі Республика Министрлер Кеңесінің төрағасы, болашақ Тәуелсіз Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысты.

- 1990 ж. 23 ақпанда Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің № 72 қаулысымен педагогикалық институтқа қазақ тіл білімі ғылымының негізін салушы, тұңғыш лингвист Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімі берілді.

- 1995 жылдың қараша айынан бастап педагогикалық институтты, кейін университет статусын алған, қазіргі Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетін физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Кенжеғали Кенжебайұлы Кенжебаев басқарады.

- 1996 ж. мамырдың 7-дегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 573 қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе педагогикалық институты Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе университеті болып қайта құрылды.

- 1996 ж. 23-24 мамырда I халықаралық «Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра проблемалары» атты конференция өтті. Содан бері конференция дәстүрлі, тұрақты түрде өткізіліп келеді. II конференция - 1999 ж. 15-19 қыркүйек, III конференция - 2003 ж. 21-25 мамыр, IV конференция - 2006ж. 18-21 қазан, V конференция - 2009 ж. 9-10 қазан, VI конференция - 2012 ж. 14-17 қазан, VII конференция - 2015 ж. 8-9 қазан)

- 1998 ж. 17 қарашада Қ.Жұбановтың ескерткішінің ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қатысып, ескерткішті салтанатты түрде ашты.

- 2001 ж. қаңтарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 163 қаулысымен университетке Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе мемлекеттік университеті статусы берілді.

- 2001-2004 жж. университет жанында 01.01.02. – дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика; 01.04.07. – конденсияланған күй физикасы мамандықтары бойынша екі диссертациялық Кеңес (физика-математикалық ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін беретін) жұмыс жасады.

- 2013 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұйрығымен мамырдың 29-дағы № 529 қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе мемлекеттік университетіне қосымша «өңірлік» деген статус жалғанды.

- 2013 ж. қыркүйектің 17-де берген № 13014680 лицензиясының негізінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті ҚР БжҒ Министрлігінің жоғары білім берудің 8 бағыты (55 мамандықтар) бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыруда.

- 2014 жылы құрылған университеттің құрамындағы 2 институт пен 6 факультетте күні бүгін 10 мың адамға жуық студенттер күндізгі және сырттай бөлімдерде білім алуда.

- Жоғары оқу орнының іргетасы – оның педагогикалық ұжымы- профессор-оқытушылар құрамы екендігі белгілі. Күні бүгін университетте 36 ғылым докторлары мен профессорлар, 8 PhD, 280 ғылым кандидаттары мен доценттер жұмыс істейді.

- 2016 жылдың басында университет Республикалық қоғамдық-саяси «Президент және Халық» газетінің «Уақыт Таңдауы» - «Выбор Времени» агенттігімен бірлескен байқауының «Жылдың үздік жоғары оқу орны» номинациясының жеңімпазы атағына ие болды.



## МӘРТЕБЕЛІ ТҰҒЫР

**Жыл сайын дәстүрлі түрде республикалық қоғамдық-саяси «Президент және халық» газетімен «Уақыт таңдауы» агенттігі бірлесіп жүргізетін үздіктерді анықтау жобасында университетіміздің үздіктер қатарынан көрінуі Батыс өңірі үшін зор мақтаныш екені сөзсіз.**

Салтанатты кеште алғаш сөз кезегі «Президент және халық» газетінің бас редакторы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Марат Тоқашбаевқа берілді.

– Қасиетті Ақтебенің топырағында, өңірдің орталығы Ақтебе қаласында сіздермен жүздесудің сәті бір сүйіншілі миссияға байланысты болып отыр. Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті «Жылдың үздік жоғарғы оқу орны» атанды. Бүгінгі сіздердің алдарыңызға келіп отырған мақсатымыз – ректор Кенжеғали Кенжебайұлына осы сертификатты салтанатты түрде табыс ету. Сіздің университеттеріңіз бұл марапатқа не үшін ие болды дегенде, атап айту керек, оқыту жүйесіне жаңа

технологияны енгізуге байланысты осы жұлдеге лайық деп танылды. Білім саласы жылдан жылға жаңару, өзгеру, өркендеу үстінде. Қазір білім беру саласының ауқымы орасан зор мүмкіндіктерге ие. Бұрын кәсіби білімді алу үшін студенттер сағаттап аудиторияда отыратын болса, қазіргі өмірдің өзгерістерінде компьютердің, интернеттің рөлі олардың алдынан үлкен көңістікті ашты. Қазір тіпті шетел ғалымдарының дәрістеріне де қатысып, тыңдауға болады. Барлығы тек жастардың ынтасына, оқуға деген құлшынысына байланысты. Университеттеріңіз өлемнің негізгі халықтарының тілінде шәкірттерді онлайн оқытуға арналған тегін интеллектуалды Stereo 3D-MIОC-School бағдарламасын жасап, К.Кенжебаевтың жетекшілігімен оқытуға өніп, сіздердің оқу ордаларыңыз жетекші оқу орнына айналып отыр,- деді ол өз сөзінде. Марат Тоқашбаев университет ректоры Кенжеғали Кенжебайұлына арнайы сертификатты салтанатты түрде табыс етті.

- Өткен жыл университетіміз үшін нәтижелі, табысты жыл болды. Біз 132 жоғарғы оқу орындары арасында топ жарып отырмыз. Бұл бізге бүгінгі уақыт берген баға деп түсінудіміз керек, - деген университет басшысы барша жиналғандарды үздік жұлдемен құттықтады.

Салтанатты кеште облыс зиялылары университет ректоры Кенжеғали Кенжебаевқа арнаған құттықтауларың жылы лебіздерін жеткізді. Ақтебе облысы Қазақстан Халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Жолдас Нұршин университет басшысы К.Кенжебаевқа ҚР Қазақстан Халқы Ассамблеясының төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың қолы қойылған мүшелік куәлігін салтанатты түрде табыс етті. Марапат иелері естелік суреттерге түсті.

Сондай-ақ, кеш барысында есем өндер шырқалды. **Жадыра АРЕН**

## ҰСТАЗ-ҒАЛЫМ-ӨНЕРПАЗ



Иә, иә, ол – ақтебеліктер жақсы танытын, дәл бүгін 70 жасқа толып отырған мерейтой иесі, қалтқысыз қызметімен халыққа, елге еңбегімен елге сыйлы азамат, Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, Ыбырай Алтынсарин атындағы медаль иегері, Халықаралық конкурстар мен өнер байқауларының лауреат-дипломанты, республикаға белгілі музыка-

катанушы маман, педагогика ғылымдарының кандидаты, 2006 жылы «Үздік оқытушы» мемлекеттік грантын республикада бірінші алғандардың бірі, отбасы үшін ардақты өке, асыл жар, Отаны үшін сайыпқыран сардар, қоғам үшін қадірлі қайраткер, ұстаз десең ұстаздығы, ғалым десең ғалымдығы, өнерпаз десең өнерпаздығы, «қатепті қара нарға» (Махамбетше айтсақ), болмаса ашық мұхит айдынында алысқа жол тартқан аумақты лайнерге жүк болатын мәдени-рухани мол байлықтың иегесі, бізге өріптес, үзеңгі дос - Бекболат Бектұрұлы Бекниязов.

Бекболат Бектұрұлы ұстаз-ғалым ретінде де республика көлемінде көпке танымал музыка мамандарының бірі, оның теориялық тұжырымдарымен тәжірибелік мазмұндағы нақты істері сазды аспаптар бойынша шәкірттерге сапалы білім берудің көшпенді үлгісі бола алады. Себебі профессор Бекниязов музыка пәні мұғалімі ретіндегі өзінің көп жылдық қызметінде жас ұрпақты музыкалық аспаптарға үйретудің және оларға саздық-өуендік мазмұнда сапалы білім берудің өлемге әйгілі композитор-ұстаз, Социалистік Еңбек Ері, Лениндік сыйлықтың лауреаты, академик Д.Б.Кабалевский түзген, анықтаған принциптерін оқыту процесінде өрқашан басшылыққа алып, тәлімдік жұмыстарын сол принциптер негізінде ұйымдастырды.

Өйткені ол Д.Б.Кабалевскийдің музыка программасы шәкірттердің эстетикалық және рухани талғамын қанағаттандырып, олардың саз-өуен туралы түсінігін кеңейтетінін, ой-өрісін дамытып, музыка мәдениетін өз бетінше меңгеруге мүмкіндік алатынын кәсіби тұрғыдан жоғары бағалады. Осы орайда Бекболат Бектұрұлы өзінің ғылыми жетекшісі болған педагогика ғылымдарының докторы, профессор Р.Р.Жәрдемалиевамен бірге Дмитрий Борисовичтің пәндік бағдарламасының республика мектептерінде жемісті жүзеге асуына ұйытқы болды. «...Д.Б.Кабалевскийдің жасаған жүйесі бойынша музыкалық аспапта ойнай білу қазақстандық оқушылардың интернационалдық, ырғақтық, тембрлік есту қабілетін ұштаумен қатар, олардың музыка сабағына деген қызығушылығын арттыруға үлкен дәнекер болды...» деп сол кезеңде бүкілодақтық «Учительская газета» мен «Қазақстан мектебі» журналы жарыса жазды.

«...Қазақтың аспаптық музыка саласындағы ең бір бай жанр-күй. Күй өзінің тақырыбымен халықтың мұрат-мүддесін, ұлттық психикасын, тарихы мен өмірін кең бейнелейді. Күйлерден біз тарихи шындықтың эпикалық көрінісін, қоғам құрылысы мен табиғат суретін, адамның қайғы-қасірет, қуаныш сүйініш сөзімдері музыка арқылы бейнеленетін сәттері келіп табыңыз » дейлі Бекболат

Бектұрұлы өзінің «Қазақтың күйлер керуені» атты монографиясында. Бұл штрихтарды музыка мамандары күйдің мәнін шәкірттерге түсіндіру жөнінде белгілі ғалым-ұстаз мұғалімдерге берген кәсіби ақыл-кеңес деп түсінері сөзсіз.

Музыка сабағын өртүрлі жаңа әдіс-тәсілдермен, пәнаралық байланыста оқыту өткен ғасырдың аяғында айтарлықтай педагогикалық проблема болса, Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе мемлекеттік университетінің оқытушысы Б.Бекниязов бұл проблеманы шешудің авторлық әдістемесін жасап, оны мектеп тәжірибесіне енгізу мақсатында жер-жерде ашық сабақтар өткізді. Сол ашық сабақтардың бірі облыстық білім жетілдіру институтының ұсынысымен 1996 жылы қараша айында Мұғалжар ауданындағы Қ.Жұбанов атындағы Жұрын орта мектебінде «Құрманғазының аман бол шешем, аман бол!» тақырыбы бойынша өткен төмендегі сабақ:

Оқытушы Бекниязов бұл шығарманы оркестрге үйрету сабағында күйдің шығу тарихы, күйді туралы қысқа да тартымды еңгіме айтып, оқушыларды бірден баурап алды да, оларды күйді тезірек тартуға ынталандырды, одан кейін күйді орындау кезінде шығармаға қатысты музыкалық терминдер, әдеби теңеулер, елең шумақтарын айтып, шәкірттердің танымдық процесін біршама тереңдетті, сонан соң музыкалық шығарманың ерекшеліктері мен езге күйлерден айырмашылығына, көркемдік, ритмикалық, динамикалық жақтарына арнайы тоқтап, балалардың өтіліп жатқан сабаққа деген үлкен қызығушылығын туғызды.

Бүгін кемел жас 70-ке келіп отырған ғалым-ұстаз-өнерпаз Б.Бекниязовты халық айтқандай «сөгіз қырлы, бір сырлы азамат» десең, есте қателеспейміз. Өйткені, ол теоретик маман, танымал өдіскер болумен қатар өмірінің қай кезеңінде де бастамашылдығымен, ұйымдастырғыштығымен, тәлімгерлігімен де кезге түсіп жүрген іскер тұлға. Оған Бекболат Бектұрұлының жеке инициативасымен езі қызмет істейтін Ақтебе мемлекеттік университетінің базасында III Республикалық «Үздік музыка мұғалімі-2006» конкурсының жоғары деңгейде етуі, одан төлім алған талантты шәкірттердің (Н. Абдуллиннің, М.Айтимовтың, А.Жақсыбаевтың) кәсіби музыка өнерінің үлкен биігінен көрінуі, музыка кафедрасын басқарған 20 шақты жыл ішінде езімен қатар жұмыс істеген жасы кіші оқытушы кадрлардың 50% ғылыми дәрежеге, құрметті атақтарға ие болуы айқын дәлел бола алады.

Құрметті демалыста жүргенмен өлі де университетте қызмет ететін ардагер ұстаз, профессор Б.Бекниязов бүгінде музыка мамандығына мемлекеттік гранттардың республика көлемінде ете аз берілуі, сазды аспаптарда ойнауды үйретуге белінетін сағаттардың тым аздығы, қайсы бір аспаптарды (баян, аккордион сияқты) жоғары деңгейде меңгерген тұлғалардың эстрадаға т.б. музыка салаларына кетуі, орындаушылық өнердің мазмұнын ғылымиландыруға жеткіліксіз кеңіл бөлінуі сияқты т.б. мәселелерге үлкен алаңдаушылық білдіреді.

Сөз соңында ұстаз-ғалым-өнерпаз өріптесіміз Болат Бектұрұлын 70 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, оған ұзақ өмір, отбасы бақыты мен зор табыстар тілейміз!

**Болат БАЙМҰХАНОВ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент**





## ИЗВЕСТНЫЕ ВЫПУСКНИКИ АРГУ ИМ. К.ЖУБАНОВА

**Сагиндыков Елеусин Наурызбаевич** - депутат Сената Парламента РК

**Калдыгулова Сания Мусаевна** - секретарь Актобинского областного маслихата

**Шерияздов Аскар Турарович** - заместитель акима Актобинской области

**Карин Ерлан Тынымбаевич** - доктор политологии, директор Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан

**Сагиев Айбек Игликович** - Первый Заместитель Председателя Актобинского Областного Филиала Партии «Нур Отан»

**Айтбаева Светлана Ермаковна** - депутат Актобинского областного маслихата

**Жылгелді Алдан Зашитұлы** - Канцелярия Премьер-Министра Республики Казахстан, заведующий сектором

**Уразалин Ондасын Семенович** - заведующий Отделом осударственного контроля и организационно-территориальной работы Администрации Президента Республики Казахстан

**Лоскутова Оксана Павловна** - библиотека Первого Президента Республики Казахстан - Лидера Нации, Руководитель службы по связям с общественностью

**Шангутов Серик Тлеулесович** - Аким Мугалжарского района

**Әлімбаев Алмас** - аким Каргалинского округа

**Уразаев Тимур Бибиталиевич** - чрезвычайный и полномочный посол РК в Республике Армения

**Купенов Айбек** - руководитель отдела областного Управления внутренней политики

**Закарья (Калиева) Кунсулу Дальтоновна** - заместитель генерального директора по науке РГП «Республиканская Коллэкция Микроорганизмов» МОН РК, доктор биологических наук

**Хохлов Александр Викторович** - кандидат филологических наук, доцент, заведующий кафедрой «Прикладная филология», Санкт-Петербургский политехнический университет Петра Великого

**Бисембаев Арман** - директор Центра археологии Актобинской области, кандидат исторических наук

**Дүйсенғали Мейрам** - директор Актобинского областного историко-краеведческого музея

**Нурғалиев Ерғлы Губаевич** - директор Актобинского гуманитарного колледжа

**Умирбекова Сауле Рахимовна** - директор НИШ г.Актобе

**Бандровская Наталья Глебовна** - руководитель медиа-холдинга «Рика»

**Есекешова Марал Дусенейқызы** - Каз-АТУ им. С.Сейфуллина, заведующая кафедрой профессионального образования

**Нурпеисова Жекегул Калмуратовна** - доцент кафедры менеджмента, ЕНУ им. Л.Гумилева

**Кенесов Асхат Алмасович** - КазНУ имени аль-Фараби, доцент

**Нурғалиев Габит Адилбаевич** - Парламент РК, инженер ТБ и ЧС

**Жаркенов Тимур Зеилович** - директор Казкоммерцбанка ТФ

**Конакбаева Нургүл Ыскакқызы** - АО «Агентство Хабар», собственный корреспондент по Актобинской области

**Сағынганов Маралбек** - Национальный телеканал «Қазақстан», шеф-редактор, ведущий

**Низамутдинова Жанар Абдуллажановна** - АО "КТК" - собственный корреспондент по Атырауской области

**Султанмуратова Акбаян Болатбековна** - телеканал «Первый канал Казахстана», собственный корреспондент по Актобинской области

**Енсепаев Болат Ермағамбетович** - детско-юношеская спортивная школа №4, директор ДЮСШ

**Абдурахманов Талғат** - подполковник полиции, начальник кафедры языковой подготовки Актобинского юридического института МВД РК

**Ткачев Виталий Васильевич** - Кандидат исторических наук, Директор Научно-Исследовательского Археологический Центр Орского Гуманитарно-Технологического Института

**Гербер Виктор Викторович** - Главный редактор газеты «Эврика».

**Кушербаева Гульнара Мурсалиевна** – обладательница Кубка мира в Азии, Призер чемпионата Азии по дзюдо, тренер по дзюдо в областной детско-юношеской спортивной школе «Юность» города Актобе.



### Сәния ҚАЛДЫҒҰЛОВА, облыстық мәслихат хатшысы

Туған еліміздің жас ұрпағына алғаш мамандықты таңдаудан бастап, сан түрлі қызмет биігіне дейін кетерілген сан алуан азаматтар есімі осы оқу орнымен тікелей байланысты. Оқу ошағының Ақтебе өңірінде өзіндік орны ерекше. Елу жыл –жарты ғасыр. Осы жылдар арасында қаншама тұлғалар бітіріп шықты. Сол тұлғалардың арасынан еліміздің елеулі, халқымыздың қалаулысы болған азаматтар қаншама. Адамзаттың жетістігі ұтаздан басталады. Ұрпақ тәрбиесі – ұстазға байланысты. “Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің” дегендей, еңгелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сезсіз. Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың, жоғары оқу орнының орны зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Бүгінгі той ұжымның жетістігі мен жеңістерінің белгісі. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілеймін. Сіздерді Қ. Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеттің 50 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!




### Айбек КУПЕНОВ, Ақтебе облысы ішкі саясат бөлімінің бастығы

Сонау 1966 жылы Ақтебе жерінде іргетасы қаланып, алғашқы шәкірттерін тәрбиелей бастаған бұл оқу орнының облысымыздың, мемлекетіміздің өсіп өркендеуіне тигізген үлесі зор. Білімнің киелі шаңырағынан түлеп ұшқан қаншама тұлға қазір еліміздің түкпір-түкпірінде әртүрлі салада елеулі еңбек етіп келеді. Өзім де мемлекет саласының қызметкері ретінде еліміздің дамуына қолыман келгенше үлесімді қосып келемін. Осындай жетістіктерге ең алдымен осы университетте алған білімім арқылы жеттім. Себебі білім беру саласында білікті мамандар даярлау ісі тек қана үлкен жүректі ұстаздардың қолынан келетін іс. Ол үшін оқу ордама, оқытушыларыма, университет басшысына айтар алғысым шексіз.

Кенжеғали Кенжебайұлы еңбекке, адал мақсатқа берік қасиеттерінің арқасында Батыс өңіріндегі ірі жоғары оқу орнын шебер басқарып келе жатырған басшылардың бірі. Ол өзі басқарып отырған жоғары оқу орнының әрдайым ғылыми және рухани ізденістердің алғы шебінде болуына, профессорлары мен оқытушылары құрамының, студенттерінің оқу-педагогикалық және ғылыми-зерттеушілік қызметінің іргетасының берік болуына, ғылыми мектептердің негізін қалауда үлкен істер атқарып, ерен еңбек етіп келеді. Университет өз тұлғаларына беретін мол білім қорынан бөлек, одан да маңызды құндылық адамгершілік, тәрбиені де студенттер бойына сіңіре біледі.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығымен тұспа тұс келіп отырған 50 жылдық мерейтойларыңыз құтты болсын! 50 жылда талай белесті артқа тастап, бұл күнде заманауи іргелі шаңыраққа айналған Жұбанов ордасының мерейі әркез үстем болып, университет атын шыңға жетелейтін шәкірттері көбейе берсін!



### Маралбек САҒЫНҒАНОВ, «Қазақстан» ұлттық телекомпаниясы, аға-редактор, жүргізуші

- Адам баласының әрбірінің өмірінде сүйіспеншілікпен және жүрек жылуымен еске алатын ұмытылмас кезеңдері болады. Бұл университетте өткен тәтті дәуір. Бұл оқиғаға толы жалынды жылдар...

Менің студенттік шағым ХХІ ғасырға жаңа гана аяқ басқан 2000 жылдармен тұспа тұс келді. Әлі есімде өзім армандаған жоғары оқу орнының студенті атанған сәтте қуаныштан төбем көкке жеткен болатын. Филология факультетінің сол кездерде жаңадан ашылған мамандықтарының бірі журналистиканың алғашқы қарлығаштары ретінде облыс, қала көлеміндегі іс-шараларға белсене атсалысып, бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз қарым - қатынасты студенттік кезде-ақ жақын орната білуіміз сол кездегі оқытушыларымыздың ерен еңбегінің арқасы екендігі сезсіз еді. Осы қасиетті қара шаңыраққа қалыптасқан білімнің негізі - менің осындай кәсіби білікті маман болып қалыптасып, елге танымал журналист болуыма әлі күнге дейін септігін тигізіп келеді.

«Ердің жасы-елу» демекші, ер жасына толған білім шаңырағын, осы білім ордасын бірнеше жылдан бері шебер басқарып келе жатқан басшы Кенжеғали Кенжебайұлы, университет ұжымың профессор-оқытушыларды мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Мерейлі мереке құтты болсын!

### Азамат НАУРЗАЛИН, генеральный директор компании «Юнитурс»

От имени выпускников специальности «Психология» искренне поздравляю весь коллектив Актобинского регионального государственного университета имени К. Жубанова с 50-летним юбилеем.

Университет имеет многолетнюю и славную историю. Отрадно, что мне довелось учиться в стенах Актобинского регионального государственного университета имени К. Жубанова. Опыт и талант профессорско-преподавательского состава, внимательное отношение к обучению студентов, верность традициям во многом определили мой жизненный путь и судьбы многих выпускников.

Несмотря на то, что с момента окончания моего дорогого вуза прошло 14 лет, впечатления о ярких, насыщенных и очень плодотворных студенческих годах остались и сегодня!

У нас есть огромное конкурентное преимущество, состоящее в том, что мы на протяжении всех этих лет имели возможность учиться не только у прекрасных лекторов и профессоров, но и приобретать к той большой традиции, которая коротко и емко называется АРГУ.

Сегодня очень приятно осознавать, что АРГУ им. К. Жубанова один из наиболее эффективных вузов региона.

Позвольте пожелать профессорско-преподавательскому составу, всем сотрудникам университета, студентам и магистрантам хранить славные традиции высшей школы, поддерживать высочайший уровень подготовки научных кадров, новых перспектив, планов, творческих идей.



### Қанат АЙТБАЕВ, Облыстық мәдениет басқармасының басшысы

50 жыл адам үшін есудің, толысудың, өмірден өз орнын тауып белсенді еңбек ету кезеңі. Осы жылдар ішінде біздің оқу орнымыз мыңдаған жоғары білікті мамандар даярлап шығарды. Республиканың, облыстың әлеуметтік салаларында жемісті қызмет атқарып келеді. Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінде әліде талай ұлағатты тұлғалар, ғалымдар жұмыс жасайтынына және өзі де талай жастарды қанаттандырып, болашаққа ұшыратынына сенімдімін. Университет ұжымын айтулы мерейтойымен құттықтап, алдағы уақытта да заман талабына сай қомақты табыстарға жете беруіне тілектестік білдіремін.



### Роза ДОСМЫРЗА, аға оқытушысы

«Ұстаздық өткен жалықпас, үйретуден балаға» - деп дана Абай айтқандай еліміздің түкпір-түкпірінде әр шаңырақтың үміт күткен ұл-қыздары біздің білімдеріміз бен біліктерімізге жүгініп, сеніп келеді. Ел ертеңі болып табылатын жас ұрпақтың бойына ғылым мен білімді, адамгершілік пен адалдықты, туралық пен шыншылдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп қалыптастыруда білім ордамыз бүгінгі күні, лайықты орындардан көрініп келе жатқанына сіз бен біз куәміз.

Біздің оқу орны аясында заман талабына сай өмір қажеттілігінен туындаған «Педагогика және психология» мамандығы көпшіліктің назарында, өзінің аясын жылдан-жылға ұлғайтуда. «Адам жанын түсіне білу, оны зерттей білу-үлкен өнер» деп З.Фрейд айтпақшы болашақ қоғам азаматын тәрбиелеуде жас ұрпақ жанына тигізер шапағатымен, болашаққа сеніммен қарауға бірден-бір ықпал етуші әрбір жүректің құпия сырын оқи білуші мамандықтың ғажайып тылсым сыры бар тұлғалық ерекшелігімен танылмақ.

Ендеше, торқалы той қарсаңында «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, еңгелі оқу орны білікті ғалым ұстаздардан тәлім-тәрбие алған еліміздің қажетіне жарар зерделі маман иелері ретінде, оқу орнымыздың атын асқақтата берер тұлғаларымыз, елің-жерің ардақтар санасы биік зиялы өкілдер қатарын толтыра берсін дегіміз келеді.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті Мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г куәлігі берілген

Бас редактор Кужахметова Д.Т.  
Газет тілшісі Арен Ж.С.  
Газет корреспонденті Бекбағанбетов О.  
Газет маманы Жалғасбаева М.Ж.  
Газет корректорлары Адилханова С., Трофимова Г.  
Фотокорреспондент Арен Ж.С.

Меншік иесі:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис»  
баспаханасында (Ақтебе қаласы, Смағұлов көшесі, 9 «К» басылады.  
Тел: 8(7132)545-545, 400-400.

Тапсырыс №70 Таралымы 3000

Біздің мекен-жайымыз:  
030000, Ақтебе қаласы, Ә. Молдағұлова көшесі 34 үй. 2-қабат, 200<sup>б</sup> бөлме. Көлемі 2 баспа табақ.  
Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына келіп түскен қолжазбалар мен фотосуреттер қайтарылмайды.